

АУСТРАЛИЯ





Аустралия - Жер шарындағы ең кішкентай, ең аласа, ең құрғақ, сөнбеген



жанартаулары және мұздықтары жоқ материк

Ауданы -7,7 млн шаршы шақырым. Материк атауы «оңтүстік» деген мағына береді



АУСТРАЛИЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ:

Материкті алғаш зерттеген
түпкілікті халықтар - **аборигендер**
Аустралияда шамамен 65 мың жыл
бұрын қоныстанған. Олар
құрлықтың барлық бөліктеріне
таралып, өз мәдениеті мен дәстүрін
қалыптастырды.



•**1606 ж.** – голландиялық
теңізші
Виллем Янсзон
Аустралия жағалауына
келген алғашқы
еуропалық болып
саналады.

•**1642–1644 жж.** – голландиялық теңіз
саяхатшысы **Абел Тасман** құрлықтың
оңтүстігі мен батысын зерттеп, кейіннен
Тасмания аралы оның құрметіне аталды.

•**1770 ж.** – ағылшын теңізшісі **Джеймс Кук**
Аустралияның шығыс жағалауын зерттеді.
Ол бұл аймақты Британияға қосты және
Жаңа Оңтүстік Уэльс деп атады.
Куктың саяхаты құрлықтың табиғаты,
флорасы мен фаунасы туралы маңызды
мәліметтер берді.





ЕХИДНА

ТАЙПАН




ЭМУ
ТҮЙЕКҰСЫ



ЛИРАҚҰЙРЫҚ



КАКАДУ



ДИНГО
ИТІ




КОАЛА



КИВИ



ҮЙРЕКТҰМСЫҚ



КЕНГРУ

САЯХАТШЫ
АҒАШЫ
РАВЕНАЛ



ТАСМАНИЯ
ҚҰБЫЖЫҒЫ

A vibrant, stylized map of Australia, where each region is filled with various icons representing its unique features. The top left shows a desert landscape with a kangaroo, a koala, and a small town. The top right features a sun, a river with a boat, and a mountain. The center includes a large rock formation, a hat, and a guitar. The bottom left shows a sailboat, a lighthouse, and a dolphin. The bottom right features a city skyline, a bridge, and a lighthouse. The map is surrounded by wavy lines representing the ocean and various sea creatures like dolphins and whales.



Аустралия Одағы -

Аустралия материгі мен Тасмания аралында орналасқан мемлекет. Аустралия Одағы Шығыс Тимор, Индонезия, Папуа - Жаңа Гвинея, Вануату, Жаңа Каледония, Соломон аралдары және Жаңа Зеландия елдерімен теңіз арқылы шектеседі. Аустралияның астанасы-Канберра, ірі қалалары Сидней және Мельбурн



БІЛГЕНІҢ ЖӨН:

**Аустралия –
бір құрлықты тұтасымен
қамтып жатқан әлемдегі
жалғыз мемлекет**

**Әлемдегі ең улы жылан тайпан
жыланының уы бір шаққанда 100
адамды о дүниеге аттандырып
жіберетін қауқары бар**

**Аустралия
жағалауында
ұзындығы 2300 км, ені
2 км-ден 150 км-ге дейін
созылатын ең ірі
маржандық құрылым –
Үлкен Тосқауыл рифі
орналасқан**

**Аустралия –
ең аласа
материк, орташа
биіктігі -215 м**



